

Сонымен құзыреттілікке бағытталған сабақ жоспары мұғалімнің ішкі бақылауын қосымша өзін-өзі бақылаумен және өзін-өзі бағалаумен, оқу іс-әрекетінің берілетін өнімдерін сыртқы сараптық бағалаудың маңыздылығымен толықтыруды талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. 2010.– 8 б.
- 2 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. д-р. ...автореф.: 21.05.05. – Қарағанда: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2005. – 40 б.
- 3 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы, 2007.
- 4 Құрманалина Ш.Х. Оценка качества профессиональной компотентности учителя. – Алматы, 2006.
- 5 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / пер. с англ. – М.: «Когито-Центр», 2002. – 396 с.
- 6 Сорокина Т.М. Развитие профессиональной компетенции будущего учителя средствами интегрированного учебного содержания // Начальная школа. – 2004. – №2. – С. 110–114.
- 7 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005.

СТУДЕНТТЕРДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Кабдуалиева Э.Ж.,

Семей мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақстан

Annotation. The paper examines the main characteristics of the formation of professional competence of students. The analysis of pedagogical approaches informing a professional relationship with competence and personal development of young people.

Аннотация. В статье рассматриваются основные характеристики становления профессиональной компетентности студентов. Дан анализ педагогических подходов в формировании профессиональной компетентности и взаимосвязи с личностным становлением молодого человека.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына, өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандардың қажет етілуіне байланысты жоғары мектеп алдына білім сапасын арттыру және әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті мамандар дайындау міндеттері қойыла отырып, Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады» делінген.

Жоғары оқу орнындағы оқу уақытында еңбектік, кәсіби іс-әрекеттің негізі қалыптасады. Оқу барысында меңгерілген білім, біліктілік, дағды оқу іс-әрекетінің пәні ретінде емес, кәсіби іс-әрекеттің құралына айналады. Студенттің мәнді көрсеткіші – оқу іс-әрекетінің түрлері мен түр пішіндерін орындай алу біліктілігі. Оқытушылардың алдында жауапкершілігі мол психологиялық-педагогикалық тапсырма тұр. Ол студентті өзінің әрекетін жоспарлап, ұйымдастыра алады білдіретін оқу іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптастыру мәселесі.

Студентке әлеуметтік зерделі тұлғаға қатынас ретінде қарау адамның әлемге деген көзқарасы емес, дүниедегі өзінің орнына деген пікірдің де қалыптасуына әкеледі. Студенттің әлемді тануын қалыптастыру оның рефлексиясының дамуын, өзін іс-әрекет субъектісі, әлеуметтік пайдалы тұлға ретінде сезінуін білдіреді.

Студенттің тұлғалық кәсіби дамуының алғышарты болып өзін-өзі танудың дамуы және өзін-өзі жетілдіру тілегінің деңгейі болып табылады. Өзін-өзі тану іс-әрекетін жоғары деңгейде меңгеру өзіндік жетілу мен кәсіби даму әрекетіне белсенді қосылуға мүмкіндік береді. Студенттің тұлғалық кәсіби дамуы тұлғалық, іс-әрекеттік және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің үзілссіз процесі ретінде түсіндіріледі. Бұл ерекшеліктер теориялық, практикалық білім, біліктілік, дағдының қалыптасуын қамтамасыз ететін өзіндік дамуы мен дайындықтың бірлігі ретінде қарастырылатын үздіксіз процесс.

Білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзіреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, осы терминнің дербес анықтамасын келтірейік. «Кәсіби құзіреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті арттыруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі». Яғни, педагогтің құзіреттілігі – жеке тұлғаның білімі мен тәжірибесін нақты бір жағдайда қолдана білу іскерлігімен байланысты тұлға қасиетін білдіретін ұғым деуге болады.

Бүгінгі таңда біздің түсінігіміз бойынша құзыреттілік білімнің интеллектуалдық және дағдылық құрамын қамтиды, бұл ұғымда білім мазмұнын «нәтиже тұрғысынан» түсіндірілуінің идеологиясы қаланған, яғни білім беру саласында құзыреттілікті- білім, білік, дағдының үйлесімді біртұтас жүйе құру нәтижесінде пайда болатын жоғарғы деңгейдегі білім алушының тұлғалық сапасы ретінде қарастыру көзделеді. Негізгі құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелер ретінде ұсынылған білім беру жүйесінің негізгі мақсаттары:

– мәселенің шешімін табу құзыреттілігі;

– ақпараттық құзыреттілік;

– коммуникативтік құзыреттілік;

Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі:

– әр түрлі жағдайдағы мәселелерді анықтауға, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға;

– өз қызметіне мақсат қоюға, оны іске асыру үшін қажетті жағдайларды анықтауға, ондағы жетістіктерге жету процестерін жоспарлауға және ұйымдастыруға;

– өзіндік бағалау мен қорытынды жасауға, өзінің әрекетімен оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыруға;

– технологияларды таңдауға, технологияларды нақты қадағалауға мүмкіндік туғызады.

Ақпараттық құзыреттілік:

– өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, жоспарлауға және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға;

– өз бетінше табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түсіндіруге және ақпараттарды тасмалдауды оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға;

– қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпаратты қолдануға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзыреттілік:

– нақты өмірлік жағдайларда өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;

– әдеп нормасына сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;

– жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі позициядағы адамдармен топқа қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Құзырет-міндетті білім мен тұлғалық сапаның жиынтығы. Ол білім беру аумағында ғылыми немесе практикалық іс-әрекетті тиімді шешуге негізделген. Білім беру құзыреті – білім беру аймағында оқушыларды даярлаудың бір нәтиже, бірнеше сапаны талап етудің жиынтығы. Құзырет – жеке мінез, интегралды қасиет. Құзырет – бұл белгілі бір іс-әрекеттің сәтті өту сипаты, оқу іс-әрекетінің сәтті өту сипаты.

Әр уақыттағы әртүрі ғалымдардың бұл сұраққа байланысты түрлі анықтамалар берген. Бұл психологиялық қалып та, түрлі еңбек іс-әрекетін орындай алу қабілеті, мәдениет пен білім деңгейі де, педагогикалық іс-әрекетті орындаудағы теориялық және практикалық білімнің сәйкестігі де болып есептеледі. Мұның ішінен кәсіби құзыретті тұлғаның педагогикалық,

яғни психологиялық-педагогикалық пәндер жөнінде жаңа ақпараттармен бағдар болуы, кәсіби шеберлік пен дағдысы және жекелей тәжірибесінің болуы. Сонымен қатар, педагог перспективалық жұмысқа мақсат қоя білуі қажет, кәсіби жетістіктерге жетуге ұмтылуы және жаңа білімдерді игере білуі қажет.

Кәсіби құзіреттілік мәселесін зерттеген ғалымдардың ой – тұжырымдарын терең талдай отырып, білім беру жағдайында педагогтің құзіреттілігі мынадай үш аспектімен бірдей кешенде сипаттауға болады:

1. Мәндік аспект, яғни ахуалды жете түсіну, оны ұғыну және оған деген қарым-қатынас, білім беру жағдайда оқытудың теориялық негізін ұғыну;

2. Проблемалық практикалық аспект, бұл осы жағдайда педагогтің алдыға мақсат орындау жолдарын, міндет нормаларын қойып жинақтауды сипаттайды;

3. Коммуникативтік аспект, бұл педагогтің оқу үрдісіне, ахуалға қатысын және өзара ықпал жасауын қамтамасыз етеді.

Кәсіби таңдау сұрақтарымен көбінесе Гарвард университетінің психологиялық лабораториясының директоры профессор Г. Мюнстерберг айналысқан. Оны психотехниканың тума басшысы деп атауға болады.

Кәсіби өзін – өзі анықтау мәселесі соншалықты күрделі, оны қанағаттандыру тек бір адамның ғана қолынан келмейді; ол жан – жақты ақпараттық және ұйымдастырушылықты қамтамасыз етуді қажет етеді. Егер еркіндік факторына сүйенетін болсақ, онда студенттердің кәсіби өзіндік анықталулары мен қажетті жұмыс кадрлары арасындағы сәйкес келмеушілік маңыздырақ болатыны анық. Осы орайдағы сәйкес келмеушіліктің тағы бір себебін атап өтуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Грехнев В.С. Культура педагогического общения. – М., 1990.
- 2 Митина Л.М. Учитель как личность и профессионал. – М., 1994.
- 3 Симонов В.П. Диагностика личности и профессиональное мастерство преподавателя. – М., 1995.
- 4 Хозяинов Т.И. Педагогическое мастерство преподавателя. – М., 1988.

«ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Қабекенов Ф.У.,

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

***Annotation.** The problems of social pedagogics in the teaching process of High educational schools are analysed in this article . Also the books and textbooks on social pedagogics which were published in Kazakh language are discussed. The scientific- methodical analyse were done to the textbooks and books. The social pedagogics preferred the concretization of rules, contests and parts of the books and textbooks on social pedagogics in future.*

***Аннотация.** В статье анализируются проблемы особенностей социальной педагогики обучения в учебном процессе вуза. Рассмотрены содержание учебников и учебных пособий по социальной педагогике, которые изданы на государственном языке, предложены рекомендации по усовершенствованию учебного материала по социальной педагогике на казахском языке.*

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде педагогикалық мамандарды даярлауда жаңарту мен толықтыруды қажет ететін мәселелер жеткілікті. Бұл мәселенің екі аспектісін қарауға болады *біріншісі сыртқы* яғни, әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатына Болон үрдісі талаптарының орындалуы жүзеге асырылуы. Осы мәселеге қатысты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында нақты дерек келтірілген: «Жоғары білімнің мазмұны мен құрылымын Болон процесінің пара-